

8D06301 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремизмді анықтау әдістері мен модельдерін әзірлеу және зерттеу» тақырыбындағы Багитова Каламкас Багитовнаның диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

### ПІКІРІ

Багитова Каламкастың зерттеу жұмысы әл – Фараби атындағы ҚазҰУ – дың Ақпараттық технологиялар факультетінің 2022 – 2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тапсырысы бойынша «Әлеуметтік желілердегі экстремистік мазмұнды анықтау модельдерін және әдістерін құрастыру» жобасысының ғылыми – зерттеу жұмыстарының аясында орындалып, жоба шеңберінде нақты ғылыми – тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізілді.

Қазіргі таңда онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремистік мәтіндер мен графикалық ресурстарды анықтауға қатысты жұмыстардың басым көпшілігі ағылшын тілі үшін жазылған. Ғалымдар әлеуметтік желі арқылы таралатын саяси экстремистік бағыттарды анықтау үшін машиналық және терең оқыту әдістерін тиімді пайдалануда. Аталған тұжырымдарды ескере отырып, онлайн әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі саяси экстремистік бағыттағы мәтіндерді және саяси экстремистік бағыттағы бейне, видеоресурстарды анықтауға арналған модельдерді құру тапсырмасы аса өзекті деген қорытындыға келуге болады.

Диссертацияның ғылыми срезелері мен тұжырымдарына негізделген міндеттер толығымен орындалған. Жұмыс нәтижелері 10 ғылыми жұмыста жарияланды: оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, Scopus-та

рецензияланатын халықаралық конференциялар материалдарында 3 мақала, және халықаралық конференциялар материалдарында 1 мақала.

Диссертациямен жұмыс барысында алынған ғылыми нәтижелер практикалық және теориялық мәнге ие.

Алғаш рет қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, белгілер жиынтығын қалыптастыру әдісі әзірленді және онлайн әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі саяси экстремизм мәтіндерін анықтау үшін модель құрылды. Әзірленген модельдер мен әдістердің нәтижесінде қазақ тіліндегі экстремистік мәтіндерді және онлайн әлеуметтік желілердің графикалық ресурстарын анықтау үшін бағдарламалық қамтама әзірленді.

Ұсынылған жұмыс ғылыми-практикалық маңызы бар дербес зерттеу болып табылады. Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие.

Қорыта келе, Багитова Каламкас Багитовнаның «Онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремизмді анықтау әдістері мен модельдерін әзірлеу және зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде жүргізіліп, 8D06301 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді тағайындау ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекші

Әл – Фараби атындағы

Ақпараттық жүйелер кафедрасының

меңгерушісі, ф.-м.ғ.к., доцент м.а.

Мусиралиева Ш.Ж.

РАСТАУДЫҢ  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы  
**ЗАВЕРЯЮ**  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.г.

